

## **Аудандық жергілікті атқарушы органның резерв қаражатын пайдалану Ережесін бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Железин аудандық әкімиятының 2004 жылғы 19 ақпандағы N 44/3 қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2004 жылғы 2 сәуірде N 2374 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Железин аудандық әкімдігінің 2008 жылғы 14 сәуірдегі N 104/4 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2008 жылғы 14 сәуірдегі N 104/4 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі "Бюджет жүйесі туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерв қорын пайдалану Ережесін бекіту туралы" N 1408 қаулысына сәйкесті аудан әкімдігі ҚАУЛЫ  
Е Т Е Д І :

1. Аудандық жергілікті атқарушы органның резерв қаражатын пайдаланудың қоса берілген Ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Н.П. Насоноваға жүктелсін.

*Аудан әкімі М. Көбенов*

## **Аудандық жергілікті атқарушы органның резерв қаражатын пайдалану Ережелері**

Осы Ережелер (бұдан әрі - Ережелер) жергілікті атқарушы органның резерв қаражатын бөлу және пайдалану тәртібін анықтайды.

### **1. Жалпы қағидалар**

1. Ауданның жергілікті атқарушы органының резерв қаражатын пайдалану Ережелерінде мынандай ұғымдар қолданылады:

- 1) ауданның жергілікті атқарушы органының резерві - аудандық бюджетте тиісті қаржылық жылға көзделген және аудан әкімдігінің қаулысына сәйкес бір жолғы сипаттағы күтілмеген шығындарды қаржыландыруға бөлінетін қаражат;
- 2) көлденең шығындар - үстіміздегі қаржылық жылы аудандық бюджетті құрастыру кезінде жоспарлауға мүмкіндік болмаған және тосын жағдайда пайда болғандықтан, үстіміздегі қаржылық жылы кідіріссіз қаржыландыруды талап

е т е т і н

ш ы ғ ы н д а р ;

3) ауданның жергілікті атқарушы органының міндеттемелерін өтеу үшін аудандық жергілікті атқарушы органы резервінің құрамындағы қаражат - аудандық жергілікті атқарушы органы резервінің құрамында қарастырылған және жергілікті атқарушы органдардың сот шешімдері жөніндегі міндеттемелерін өтеуге жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімгерлеріне б ө л і н г е н қ а р а ж а т ;

4) ауданның жергілікті атқарушы органы резервінің қаражатын алушы - жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімгері.

2. Ауданның жергілікті атқарушы органы резерві есебінен қаржыландыруға жататын бір жолғы сипаттағы күтілмеген шығындарға мыналар жатады:

1) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою, оның і ш і н д е :

төтенше жағдайларда зардап шеккендерге материалдық көмек беру; зардап шеккендер тұратын және уақытша тамақтандыру пункттерін құру ж ә н е ұ с т а у ;

апаттан қорғау және қайта құру жөніндегі жедел әрекет ету бөлімшесін техникалық құралдарымен жабдықтау;

төтенше жағдай болған аумаққа күштер мен жабдықтарды жеткізу;

2) жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін сот шешімдері б о й ы н ш а ө т е у ;

3) аудан әкімдігінің қаулысымен анықталатын басқа да көлденең шығындар.

## **2. Ауданның жергілікті атқарушы органы резервінің қаражатын бөлу және пайдалану тәртібі**

3. Ауданның жергілікті атқарушы органының резервінен қаражат бөлуді аудандық қаржы және экономика басқармасы аудандық бюджеттің тиісті қаржы жылына арналған шығыстар мен несие беру құрамында осы мақсаттарға бекітілген мөлшерлер шеңберінде жүзеге асырады.

4. Қаржыландыру аудан әкімдігінің қаулысының негізінде, онда алушы, бөлінетін қаражаттың мөлшері мен оларды пайдалану мақсаты, сондай-ақ қайтарым ретінде бөлінген қаражаттың ұсынылу шарты мен оны қайтару мерзімі көрсетіледі, заңда белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

5. Ауданның жергілікті атқарушы органдары резервінің қаражаты тек мақсатты пайдаланылады, олар осы Ережелерде және аудан әкімдігінің резервінен қаражат бөлу туралы қаулысында көзделмеген басқа мұқтаждықтарды қаржыландыруға пайдаланылмайды.

6. Аудан әкімдігінің ауданның жергілікті атқарушы органы резервінің

қаражатын бөлу туралы қаулысын дайындау кезінде мыналар ескеріледі:

- 1) үстіміздегі жылы аудандық бюджетте қаржының бөлінбеуі;
- 2) үстіміздегі қаржы жылы жергілікті атқарушы органының резерв қаражатының керек болуы және соттар шешімдері бойынша ауданның жергілікті атқарушы органының міндеттемелерін өтеуден басқалары, қаражатқа мұқтажды алушының бұрынғы міндеттемелеріне байланысты болмауы.

7. Аудан әкімдігінің ауданның жергілікті атқарушы органы резервінен қаражат бөлу туралы қаулыларының күші аудан әкімдігінің тиісті қаулыларына сәйкес қаржы жылы аяқталғаннан кейін, жергілікті атқарушы органның арнайы резервінен төменгі бюджеттерге несие беру туралы қаулыларының күші бөлінген несиелер толық өтелгеннен кейін жойылады.

### **3. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға қаражат бөлу**

8. Табиғи және техногендік төтенше жағдайлардың пайда болған кезінде аудан бойынша төтенше жағдайлар жөніндегі қызмет жергілікті атқарушы органының резервінен қаражат бөлу туралы өтінішті қарайды. Мұның өзінде пайда болған төтенше жағдай жергілікті жерде болуы тиіс.

9. Негіздейтін материалдар, есептесулер тізбесі мен оларды тапсыру тәртібі аудан бойынша төтенше жағдайлар жөніндегі қызмет белгілейді.

10. Табиғи және техногендік төтенше жағдайларды жою қажет болғанда аудан бойынша төтенше жағдайлар жөніндегі қызмет заңнамада белгіленген тәртіпте жергілікті атқарушы органға төтенше жағдайларды жоюға қаражат бөлу туралы қаулының жобасын енгізеді.

### **4. Жергілікті атқарушы органның сот шешімдері бойынша міндеттемелерін өтеуге қаражат бөлу**

11. Ауданның жергілікті атқарушы органының сот шешімдері жөніндегі міндеттемелерін өтеу ауданның атқарушы органы резервінің қаражаты есебінен сот шешімдерін орындау құжаттары болғанда қамтамасыз етіледі.

Сот шешімдері бойынша төлемдер жүргізуге міндетті жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімгерлері, қолданыстағы заңнама бойынша негіздемесі бар болған жағдайда көрсетілген шешімдерді барлық сот сатыларында ш а ғ ы м д а н у л а р ы к е р е к .

Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімгерлері өздерінің заңсыз қабылданған актілері, сондай-ақ әкімшілік басқару шеңберіндегі лауазымдық тұлғалардың әрекеттері үшін "Әкімшілік шығындар" атты бағдарлама бойынша бөлінген ақшаға материалдық жауапты болады.

12. Аудан әкімдігінің ауданның жергілікті атқарушы органдары резервінен жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімгерлерінің берешектерін өтеуге қаражаттың бөлінуі туралы қаулысының жобасын белгіленген тәртіп бойынша тиісті жергілікті бюджеттік әкімгерлер дайындайды.

13. Аудан әкімдігінің ауданның жергілікті атқарушы органдарының міндеттерін өтеу үшін ауданның жергілікті атқарушы органдары резервінен қаржы бөлу туралы қаулысының жобасын заңда белгіленген тәртіпте аудандық қаржы басқармасы дайындайды.

## **5. Басқадай көлденең шығыстарға қаражат бөлу**

14. Басқадай көлденең шығыстарға аудандық жергілікті атқарушы органының резервінен қаражат бөлу үшін жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімгерлері аудандық қаржы басқармасына тиісті негіздемелер мен есептеулерін дәлелдеп, қаражат бөлу туралы өтініштерін ұсынады.

15. Аудандық қаржы басқармасы ұсынылған өтінішке сәйкес ауданның атқарушы органының резервінен қаражат бөлу мүмкіндіктерінің бар-жоғы туралы қорытынды жасайды.

Өтінішті қараған кезде табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға арналған қаражат пен басқадай көлденең шығыстарды тиімді бөлу мақсатында қаржы жыл бойы ауданның жергілікті атқарушы органының резервінен басқадай көлденең шығыстарға бөлінетін қаражаттың мөлшері әрбір ағымдағы тоқсанда табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою мен басқадай көлденең шығыстар үшін аудандық бюджетте қарастырылған жылдық сомасының 25 пайызынан аспауы керек.

Бұл жағдайда аудан әкімдігінің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар мен басқадай көлденең шығыстар үшін аудан жергілікті атқарушы органының резервінен қаражат бөлу туралы бұдан бұрын қабылданған қаулысы есепке алынады.

16. Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімгерлерінің өтініштері оң шешімін тапса, аудан әкімдігінің көлденең шығыстарға жергілікті атқарушы органы резервінен қаражат бөлу туралы қаулысының жобасын белгілеген заңнамалық тәртіп бойынша осы жергілікті бюджеттік бағдарламаның әкімгері әзірлейді.

## **6. Бақылау мен есеп беру**

17. Аудандық жергілікті атқарушы органы резервінің қаражатын алатындар олардың пайдаланылуы, орындалған жұмыстардың мөлшерлері және құны туралы есепті қаражат бөлінген күнінен бастап күнтізбелік бір ай ішінде берулері

қ а ж е т .

18. Аудандық қаржы басқармасы ай сайын ауданның жергілікті атқарушы органы резервінің қаражатын пайдалану және тиісті кезеңге олардың қалдықтары жөніндегі ауданның жергілікті атқарушы органына ақпарат береді.

19. Ауданның жергілікті атқарушы органы резервінен қаражаттың мақсатсыз жұмсалуына жауапкершілік қаражат алушыға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте жүктеледі.

20. Ауданның жергілікті атқарушы органы резерві қаражатының мақсатты жұмсалуына бақылауды аудандық қаржы басқармасы жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК